

## Жәнібек ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2022 жылғы 4 қарашадағы № 24-3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 8 қарашада № 30448 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес, Жәнібек ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Жәнібек ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Т. Кадимов

2022 жылғы 4 қарашадағы

№ 24-3 шешіміне қосымша

## Жәнібек ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілердің түрлері	Есептік бірлік	Жылдық нормасы 1 есептік бірлікке, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,0
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,13
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,13
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқада мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,4
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,22
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,04
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,06

8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,13
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,16
10	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,13
11	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,21
12	Азық-түлік, өнеркәсіп тауар дүкендері,	сауда алаңы 1 м2	1,08
13	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,9
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м2	0,8
15	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,44
16	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары	1 машина-орын	0,11
17	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,3
18	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,23
19	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,13
20	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,26